



18761428843



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2022 жылғы 16 мамыр

№5211-21-00-1/622

Шымкент қаласы

Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.А.Кахаров,
сот отырысының хатшысы А.С.Каримбай,
мемлекеттік айыптаушы-прокурорлар Д.М.Сагилаева, А.Т.Пошимов және
Б.Б.Утепов,
сотталушы Е.Ә.Әміров,
қорғаушы Ш.Е.Ниязбекова,
қорғаушы-адвокат М.Т.Жолшиевтің қатысуларымен ашық басты сот
отырысында, жалпы тәртіппен аудио-, бейнетіркеу қолдана отырып,
қылмыстық істі қарады, ол бойынша:

Ерұлан Әмірұлы Әміров, 1987 жылы 12 желтоқсан күні Түркістан облысында туылған, жұмыссыз, білімі арнайы орта, заңды некеде тіркелмеген, Шымкент қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, №13А үй, №37 пәтер тұрғыны, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 174-бабы 1-бөлігі, 256-бабы 2-бөлігі және 405-бабы 2-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін айыппен сотқа берілді.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сотының 2005 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен «Мұсылман бауырлар Ассоциациясы (Ал-Ихван аль-Муслимун)» террористік ұйым болып табылып, оның Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынған. Бұған қарамастан, Е.Ә.Әміров 2021 жылдың 13 ақпан және 22 наурыз күндері «Telegram» әлеуметтік желісі арқылы қылмыстық ортаға «Мариям Еркинова» бүркеншік атымен енгізілген тұлғаға көрсетілген террористік ұйымның негізінде 1970 жылы Мысыр Араб Республикасында құрылған «ат-Такфир уаль-Хиджра» діни ұйымының қызметіне қатысып, осы ұйымның идеологиясына жататын түсініктеме сөздер жазып және сол тектес бейнематериалдарды жолдап, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отыра, діни алауыздықты қоздырған және терроризмді насихаттаған.

Құжатқа қол қойылған: Кахаров Т. А., 17.05.2022



5211-21-2-1/610



2021 жылдың 5 наурыз күні, сағат 20:00 шамасында, Е.Ә.Әміров Шымкент қаласы, Төле би көшесі бойында орналасқан «Ихсан Халал» кафесінде қылмыстық ортаға «Мариям Еркинова» бүркеншік атымен енгізілген тұлғаға жоғарыда аталған діни ұйымының идеологиясына жататын сөздерді айтып, насихаттап, осы ұйымның қызметіне қатысқан.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Сотталушы Е.Ә.Әміров сот тергеуінде жауап беруден бас тартты.

Куә М.Ж.Орынбасарова сотта келесідей жауап берді: ол Е.Ә.Әміровпен 2008 жылы таныс болып, онымен бірге 10 жыл тұрмыста болған. Тұрмыс құрған кезде Е.Ә.Әміров намаз оқумен шұғылданбаған, алайда кейіннен ислам дінін ұстана бастаған. Уақыт өте Е.Ә.Әміров одан намаз оқуды және хиджаб киюді талап ете бастаған. Е.Ә.Әміров өздігінен жихад мазмұнындағы бейнежазбаларды көріп жүрген. Осыдан кейін, оның және Е.Ә.Әміровтің көзқарастары бөлініп кеткен соң, олардың некелері бұзылған. (аудио-, бейнежазбаны қамтитын файлдың атауы 2022-01-25 11-09-11, 02:00-12:30)

Куә А.А.Утешевтің сотта келесідей көрсетті: ол ҚР ҰҚК Шымкент қаласы бойынша Департаментінің 3 «Т» басқармасының кіші жедел уәкілі болып қызмет атқарады. 2020 жылдың қаңтар айында Е.Ә.Әміров ғаламтор желісіндегі радикалдық топтардың мүшесі ретінде ҰҚК назарына алынған. Е.Ә.Әміровпен теолог маманның қорытындысы бойынша соңғы өзін радикалдық діни көзқарасты ұстанушы тұлға ретінде көрсеткен. Осыдан 2020 жылдың қараша айында, жедел іс шараларын жүргізу барысында, «Instagram» әлеуметтік желісінде, қылмыстық ортаға енгізілген бүркеншік аты «Мариям Еркинова» Е.Ә.Әміровпен таныстық орнатып, сұхбаттар жүргізе бастаған. Кейіннен сұхбаттасу «Telegram» әлеуметтік желісіне жалғастырылған. Осы «Telegram» әлеуметтік желісінде хат алмасу барысында Е.Ә.Әміров «Мариям Еркиноваға» «Абдуллах Костекскийдің» бейнежазбаларын жолдап отырған. Әрі қарай, Шымкент қалалық прокуратурасымен санкцияланған АШ-1 арнайы жедел-іздеу іс-шарасын жүргізу барысында, 2021 жылы 5 наурыз күні, кешкі уақытта, Шымкент қаласы Төле би көшесі бойында орналасқан «Ихсан Халал» кафесінде Е.Ә.Әміров бүркеншік аты «Мариям Еркиновамен» әңгімелесу кезінде радикалды көзқарастарын қолдайтынын айтқан. (аудио-, бейнежазбаны қамтитын файлдың атауы 2022-01-25 11-09-11, 14:55-39:50)

Куә бүркеншік аты «Мариям Еркинова» сотта келесіні көрсетті: ол қылмыстық ортаға енгізілген бүркеншік атымен Е.Ә.Әміровпен «Instagram» әлеуметтік желісінде танысып, кейіннен әңгімелесуді «Telegram» әлеуметтік желісінде жалғастырған. Осыдан 2021 жылы 13 ақпанда және 22 наурыз күні Е.Ә.Әміров оған «Telegram» әлеуметтік желісі арқылы радикалды идеологияларды насихаттайтын бейнежазбарларды жолдаған. 2021 жылдың 5 наурыз күні, кешкі уақытта,



Шымкент қаласы Төле би көшесі бойында орналасқан «Ихсан Халал» кафесінде кездесу барысында, Е.Ә.Әміров оған радикалды тұрғыда әңгімелер айтқан. (аудио-, бейнежазбаны қамтитын файлдың атауы 2022-01-25 11-09-11, 41:15-50:47 ; 2022-02-02 11-46-51, 32:10-55:15)

Куә Ж.А.Досмамбетова сотта келесідей жауап берді: ол Е.Ә.Әміровпен 2019 жылы таныс болып, онымен азаматтық некеде болған. Болмыс кезінде, Е.Ә.Әміров өзін дәстүрлі емес діни көзқарастарын ұстанушы ретінде танытқан. Осыдан кейін, оның және Е.Ә.Әміровтің көзқарастары бөлініп кеткен соң, олардың некелері бұзылған. (аудио-, бейнежазбаны қамтитын файлдың атауы 2022-02-02 11-46-51, 00:50-29:30)

Сотталушының кінәсі куәлардың жауаптарымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен және басты сот талқылауында зерттелген дәлелдемелермен расталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сотының 2005 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен «Мұсылман бауырлар Ассоциациясы (Ал-Ихван аль-Муслимун)» террористік ұйым болып табылып, оның Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынған.

2021 жылғы 11 сәуірдегі қарап-тексеру хаттамасына қарағанда, қылмыстық ортаға «Мариям Еркинова» бүркеншік атымен енгізілген тұлғаның «Samsung A20» маркалы ұялы телефонына қарау жүргізілген.

Қарау нәтижесімен сотталушы Е.Ә.Әміровтің «Telegram» әлеуметтік желісі арқылы 2021 жылдың 13 ақпан және 22 наурыз күні «Наставление по поводу фитны в Шаме_NIGH» бейнежазбасын, «Борьба на пути аллаха», «Где сегодня истинный джихад», «Выход на пути Аллаха и долги», «Как выйти на пути Аллаха», «Учёба, бизнес или джихад», «Попадание в рай без джихада», «Шахада и самоподрыв», «Можно ли слушать лекции тех кто отрицает джихад» атты бейнежазбаларды жолдағаны анықталған. (№1 бума, іс беті 117-139)

2021 жылғы 21 сәуірдегі сарапшының №1356 қорытындысы бойынша:

1) Зерттеуге ұсынылған объектілер (сотталушы Е.Ә.Әміровпен жолданған бейнематериалдар және «Ихсан Халал» кафесінде орын алған сұхбаттасу) Ал-Ихван аль-Муслимун (Мұсылман бауырлар Ассоциациясы) ұйымы негізінде құрылған «ат-Такфир уаль-Хиджра» діни ұйымына жатады.

2) «Наставление по поводу фитны в Шаме_NIGH», «Где сегодня истинный джихад», «Выход на пути Аллаха и долги», «Как выйти на пути Аллаха», «Учёба, бизнес или джихад», «Попадание в рай без джихада», «Шахада и самоподрыв», «Можно ли слушать лекции тех кто отрицает джихад» атты бейнежазбалардың мәтіндерінде діни уәждер бойынша өзін-өзі құрбан етуді, соғыс және зорлық-зомбылық идеялары бар. (№3 бума, іс беті 5-13)



2021 жылғы 21 сәуірдегі сарапшының №1357 санды қорытындысы бойынша, «Наставление по поводу фитны в Шаме_NIGH», «Где сегодня истинный джихад», «Выход на пути Аллаха и долги», «Как выйти на пути Аллаха», «Учёба, бизнес или джихад», «Попадание в рай без джихада», «Шахада и самоподрыв», «Можно ли слушать лекции тех кто отрицает джихад» атты бейнежазбалардың мәтіндерінде діни алауыздықты қоздыру және терроризмді насихаттау белгілері бар. (№2 бума, іс беті 162-172)

2021 жылы 5 наурыз күні Шымкент қаласы, Төле би көшесі бойындағы «Ихсан Халал» кафесінде орын алған Е.Ә.Әміров пен «Мариям Еркинованың» арасында болған кездесу барысындағы сұхбаттасудың жазбасы дискіге басылған.

2021 жылғы 13 желтоқсандағы сарапшылардың №4479 санды кешенді қорытындысы бойынша, №1 зерттелінетін фонограммадағы «М» деп белгіленген адамның дауысы мен сөзі Е.Ә.Әміровтің дауысы мен сөзіне жатады. Зерттеуге ұсынылған №1 фонограммада қолданылған құрал-жабдықтар шегінде мүмкіндік беретін монтаж белгілері анықталған жоқ. (№3 бума, іс беті 133-153)

Демек, Е.Ә.Әміров «Мұсылман бауырлар Ассоциациясы (Ал-Ихван аль-Муслимун)» террористік ұйымының қызметіне Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынғанына қарамастан, осы ұйымның негізінде қалыптасқан «ат-Такфир уаль-Хиджра» діни ұйымының идеологиясына жататын сөздерді насихаттап, діни алауыздықты қоздырып, тыйым салынған ұйымның қызметіне қатысқан.

Осылайша, сот сотталушы Е.Ә.Әміровке тағылған айып толық өз дәлелін тапты деген тұжырымға келеді.

Сот талқылауында зерттелген дәлелдемелерді қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, сот, олардың жиынтығын сотталушы Е.Ә.Әміровке айыптау үкімін шығаруға жеткілікті деп санайды.

Сотталушы Е.Ә.Әміровтің іс-әрекеттері ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігі, 256-бабы 2-бөлігі және 405-бабы 2-бөлігімен саралануға жатады, яғни телекоммуникациялар желілерін пайдалана отыра, діни алауыздықты қоздыру, терроризмді насихаттау және ұйымға қатысты оның терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, оның қызметіне қатысу.

ҚК-нің 11-бабы 2, 4-бөліктеріне сай, сотталушы Е.Ә.Әміров жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар онша ауыр емес және ауыр санатты қылмыстар қатарына жатады.

Сотталушы Е.Ә.Әміровке жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау мәселесін талқылай келе, сот келесіге келеді.



Сотталушы Е.Ә.Әміровтің қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар жатқызады, ал оның кінәсін ауырлататын мән-жайлар жоқ деп есептейді.

Жаза тағайындағанда, сот ҚК-нің 52-бабының талаптарын және де сотталушы Е.Ә.Әміровтің тұлғасын, оның қылмыстық жауаптылыққа бірінші рет тартылуын ескереді.

Көрсетілген негізінде және сотталушы Е.Ә.Әміров жасаған құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескере келе, сот оған бас бостандығын айыру жазасын тағайындауды қажет деп есептейді, себебі соттың пікірінше, сотталушының түзеліп, қайта тәрбиеленуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – Е.Ә.Әміровтің қоғамнан оқшауланған жағдайында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаза өтеу мекемесі ретінде ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігінің 2) тармағының талаптарына сай, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерін белгілеу қажет.

Е.Ә.Әміровке қатысты қолданылған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылуға жатады.

Жаза өтеу мерзімі Е.Ә.Әміров ұсталған уақыттан, яғни 2021 жылдың 21 сәуірінен бастап есептелінеді.

Сондай-ақ, ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағының негізінде, сотталушы Е.Ә.Әміровтің 2021 жылдың 21 сәуірінен 2021 жылдың 10 маусымына дейін және 2021 жылдың 7 қыркүйегінен үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты жазаны қауіпсіздігі орташа мекемеде өтеудің бір жарым күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылуы қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде сотталушының атына тіркелген жылжитын немесе жылжымайтын мүліктер мен екінші деңгейлі банктерде ақша сомалары анықталмағандықтан және мүлкіне тыйым салудан бас тарту туралы қаулы қабылданғандықтан, «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының 20 бөлігіне сай, оған қатысты мүлкін тәркілеу түріндегі қосымша жазаны тағайындауға негіз жоқ.

Мәжбүрлі төлемді сот Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ауыр қылмыстар үшін 20 айлық көрсеткіш мөлшерінде, яғни 2021 жылға сәйкес 58 340 теңге өндіреді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 177, 178, 401-баптардың талаптарына сәйкес, сотталушы Е.Ә.Әміровтен мемлекеттің кірісіне іс бойынша өткізілген сот сараптамаларына жұмсалған 159 992 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.



Іс бойынша айғақ заттардың тағдыры Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабына сай шешіледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ

ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401, 402-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ҮКІМ ЕТТІ:

Ерұлан Әмірұлы Әміровке ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігі, 256-бабы 2-бөлігі және 405-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған

ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігімен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 256-бабы 2-бөлігімен 7 /жеті/ жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 405-бабы 2-бөлігімен 1 /бір/ жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 58-бабы 3-бөлігі қолданылып, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңіру арқылы Е.Ә.Әміровке түпкілікті 7 /жеті/ жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

Жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеуі белгіленсін.

Жаза өтеу мерзімі 2021 жылдың 21 сәуірінен бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігі 2) тармағы қолданылып, сотталған Е.Ә.Әміровтің 2021 жылдың 21 сәуірінен бастап 2021 жылдың 10 маусымына дейін күзетпен ұстау уақыты жаза өтеудің бір жарым күні үшін бір күн есебімен, 2021 жылдың 7 қыркүйегінен бастап осы үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты жаза өтеудің бір жарым күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне жатқызылсын.

Сотталған Е.Ә.Әміровтің «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

Сотталған Е.Ә.Әміровтен «Жәбірленушілерге өтемақы қорының» пайдасына 58 340 /елу сегіз мың үш жүз қырық/ теңге өндірілсін.

Сотталған Е.Ә.Әміровтен мемлекет пайдасына іс бойынша сот сараптамаларына жұмсалған 159 992 /бір жүз елу тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан екі/ теңге процестік шығындар өндірілсін.

Іс бойынша айғақ заттар:

- арнайы жедел-іздіксіз іс-шаралары нәтижелері жазылған DVD-R дискісі (№583/42) 1-дана, тінту және жеке тінту жүргізу тергеу әрекеттері жазылған 1-дана DVD-R дискісі, «Мариям Еркинова»-ның ұялы телефонына жүргізілген қарау нәтижесі жазылған 1-дана DVD-R дискісі – қылмыстық іспен бірге сақталсын.



- Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің сақтау камерасына өткізілген «Мариям Еркинованың» «Samsung A20» маркалы ұялы телефоны «Мариям Еркинованың» өзіне қайтарылсын.

- Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің сақтау камерасына өткізілген Е.Ә.Әміровтің «Xiaomi Redmi 8» маркалы ұялы телефоны Е.Ә.Әміровтің анасы Ш.Е.Ниязбековаға қайтарылсын.

Үкімге наразы жақ Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты арқылы ол жарияланған күннен бастап, ал қамауда отырған сотталған үкімнің көшірмесін алған күннен бастап, 15 тәулік ішінде апелляциялық шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

Т.А.Кахаров

